

2022-2023 оқу жылындағы 7«А» сыныбының

тәрбие жұмысын талдау есебі

Сынып ұжымындағы тәрбие жұмысы сан алуан: бұл қоғамдағы және ұжымдағы, отбасы мен мектептегі тәрбие, тәрбие үдерісіндегі тәрбие.

2022-2023 оқу жылының басында 7 «А» сыныпта 20 оқушы оқыды. Оқу жылын 20 окушымен аяқтадық.

Өскелен жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ertені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толықанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынның сағаттарының және мектептен, сынныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4. Отбасы тәрбиесі

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабактан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбие жұмысының 8 бағыты бар:

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүрге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыйбайлас жекмөрлікка қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

2.Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтары-мен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

3.Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностармен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4.Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психология-лық педагоги-калық құзіретті-ліктерін және жауапкерші-ліктерін арттыру.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауды және экологиялық мәдениетін дамыту.

6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік құру.

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестен-діруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени міnez-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның енердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, менгеру және бағалау әзірлілігін дамыту.

8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психоло-гиялық денсаулық сактау дағдылары, оған зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату

2022-2023 оку жылында сынып жетекшісінің жоспары бойынша 34 тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары әртүрлі тақырыптарда болды және баланың жеке басын дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, сынып жетекшісімен жол қозғалысы ережелері мен балалардың өмір қауіпсіздігі туралы әңгімелер жүргізілді.

Сынып оқушыларының дамуын талдау

2023-2024 жылдарға оку жылында алты оқушы оку іс-әрекетінде жоғары нәтиже көрсетті, атап айтқанда: Зинелова Аружан, Куаныш Нұршапағат, Шоққарина Каусар 5-ке бітірді, ал бес оқушы Сапарбай Дильназ, Арапбай Рамазан, Алпысбаева Аружан, Сисенова Асем, Сисенова Көркем 4- ке аяқтады.

Бұл балалар оку сабактарына жауапкершілікпен қарайды, сабакта белсенділік танытады, әрқашан өз қызметін оң бағалауға ұмтылады. Олар қоғамдық өмірде де белсенділік танытып, мектептегі іс-шараларға қатысады.

Пән мұғалімдерімен оқушылардың үлгерімі, тәрбиесі, сабактағы белсенділігі, оқушылардың ауызша және жазбаша үй тапсырмасын орындауды мәселелері бойынша жүйелі түрде әңгімелесу жүргізілді.

Сынып ұжымын дамыту

7 «А» сынып ұжымы ұйымшыл деп санаймын. Ұзілістерде білім алушылар белсенді, әртүрлі тақырыптарда әңгімелеседі, бір-біріне қолдау көрсетеді, жанашырлық танытады, көмектеседі, туындаған барлық жанжалдар бірден шешілді. Басқа сыныптардың қарым-қатынас біркелкі, оқшауланған оқушылар жоқ. Сыныпта "тәуекел тобындағы" оқушы жоқ.

Отбасымен педагогикалық қарым-қатынас

4 ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылды.

Барлық ата-аналар жиналыстарға қатысты.

Ата-аналармен жеке әңгімелесу негізінен барлық балалардың ата-аналарымен жақсы қарым-қатынаста екенін көрсетті.

Қорытынды

Жалпы, 7 «А» сыныптағы тәрбие жұмысы жан-жақты болды. Сыныптағы сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын талдау оку жылы ішінде оқушылармен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды, сынып ішінде жұмыс істеуде, ата-аналармен жұмыс істеуде оң тәжірибе жинақталғанын көрсетті. Педагогикалық жетістіктер мен табыстарды бастамашылық пен дербестікке, жауапкершілік пен шығармашылыққа тәрбиелеу деп санауға болады.

Сыныптағы тәрбие жұмысының перспективалық мақсаттары:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен оку іс-әрекетіне деген ынталықтардың сактау.
2. Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын ұстануға деген құштарлықты тәрбиелеу, бұл құштарлықты әрбір оқушының ішкі қажеттілігіне қарай дамыту.
3. Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту, жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
4. Оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауға дайындығын қалыптастыру.

Сондай-ақ алдыма мақсат қоямын ата-аналар жиналыстарына ата-аналардың жуз пайыз қатысуына қол жеткізу, оқушылардың сабакқа келмеуін, үй тапсырмасын орындаудың қатаң есепке алу, сынып ұжымын біріктіру жұмыстарын жалғастыру.

ДТІЖО:

Сынып жетекшісі:

Керимова С.С

Жайлыйбай А.Т.